

Жеке тұлғалардың банкроттығы бойынша рәсімдердің түрлері

Соттан тыс банкроттық

(Мемлекеттік кірістер комитеті жүргізеді)

- борыш 1600 АЕК-ке дейін
- ЕДБ, МКҰ және қоллекторлар алдындағы борыштар бойынша

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру

(сот шешімі бойынша қаржы басқарушысы жүргізеді)

- борыш 1600 АЕК-тен асады
- Борышкер активтерінің құны барлық міндеттемелердің мөлшерінен асады

Сот арқылы банкроттық

(сот шешімі бойынша қаржы басқарушысы жүргізеді)

- борыш 1600 АЕК-тен асады
- Борыштың барлық түрлері бойынша

НЕГІЗДЕР	
1	ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің болмауы
2	қатарынан он екі ай бойы міндеттемелерді (қарыз бойынша төлем) орындамау*
3	мерзімі өткен берешекті банкпен міндетті реттеу (банкке өтінішпен жүгіну) (шаралар 18 айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі)
4	банкроттық өтініш берілген күндегі жағдай бойынша жеті жыл бойы қолданылмаған

НЕГІЗДЕР	
1	қатарынан он екі ай бойы міндеттемелерді орындамау
2	мерзімі өткен берешекті банкпен міндетті реттеу (банкке өтінішпен жүгіну) (шаралар 18 айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі)
3	банкроттық өтініш берілген күндегі жағдай бойынша жеті жыл бойы қолданылмаған

Егер борышкердің мүлкінің құны оның жиынтық берешегінен асып кетсе, онда төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін ғана қолдануға болады.

Соттан тыс банкроттық рәсімі (жүргізу тәртібі)

Борышкер соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішті белгіленген нысан бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда береді

15 жұмыс күні ішінде МКК келесідей шешім қабылдайды:

- сәйкес болған жағдайда мәліметтер "электрондық үкіметтің" веб-порталында орналастырылады;
- сәйкес келмеген жағдайда бас тарту туралы хабарлама беріледі*;

Соттан тыс банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі - "электрондық үкімет" веб-порталында борышкер туралы мәліметтер орналастырылған күннен бастап алты ай.

Рәсімді тоқтату:

- борышкердің өтініші бойынша;
- мүлікті немесе мүлктік міндеттемелерді жасыру, құжаттарды бұрмалау фактілері анықталды, мүліктің бар екені анықталды және т.б.;
- борышкер қайтыс болды, соттың оны хабар-ошарсыз кетті деп тану немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енді;
- басқа кредиторлар ЕДБ, МКҰ және коллектордың болу фактілері анықталды.

МКК-ге өтініш берген күннен бастап 6 ай өткен соң соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарылады

МКК "электрондық үкіметтің" веб-порталында банкрот деп тану туралы ақпаратты **орналастырады****

Борышкердің мәлімделген міндеттемелері "электрондық үкіметтің" веб-порталында соттан тыс банкроттық рәсімінің аяқталғаны және борышкерді банкрот деп тану туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап **тоқтатылады**

*** Бас тартылған жағдайда борышкер бас тарту себептерін жояды, бірақ үш айдан ерте емес уақыттан кейін ғана осындай өтінішті қайта бере алады.**

**** Банкротқа соттан тыс банкроттық рәсімінің аяқталғаны туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жыл бойы қарыз берілмейді (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа), сондай-ақ одан банктік қарыз және микрокредит беру шарттары бойынша кепіл, кепілдік және кепілгерлік түрінде қамтамасыз ету қабылданбайды.**

Борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы сотқа өтінішпен жүгінеді

өтініш келіп түскен күннен бастап **он жұмыс күнінен** кешіктірмей төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарады

- мұндай ұйғарым шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде МКК қаржы басқарушысын тағайындайды;
- істі қозғау туралы сот ұйғарымының көшірмелері борышкерге, борышкердің тұрғылықты жері бойынша уәкілетті орган мен аумақтық әділет органына және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына жіберіледі.

Қаржы басқарушысы (ҚБ) тағайындалғаннан кейін:

- екі жұмыс күні ішінде ТҚҚК/банкроттық рәсімін қозғау туралы хабарландыру жолдайды;
- төлем қабілеттілігі туралы қорытынды дайындайды;
- борышкердің мүлкіне түгендеу жүргізеді;
- борышкердің мүлкіне бағалау жүргізеді.

Кредиторлар 20 жұмыс күні ішінде өз талаптарын мәлімдеуге міндетті

ҚБ 5 жұмыс күні ішінде кредитордың өтінішін қарайды және талапты тану және тізілімге (КТТ) енгізу туралы шешім қабылдайды.

ҚБ хабарландыру орналастырылған сәттен бастап 30 жұмыс күні өткен соң орналастыруға дайын КТТ-ні МКК-ге жолдайды.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешімді сот **ҚБ қорытындысын** ескере отырып қабылдайды және ол келесі талапты қамтиды:

- Қаржы басқарушысының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде ұсынуы туралы;
- Осы Заңның 22-бабының 1-тармағында көзделген банкроттық туралы іс қозғаудың салдары сақталады

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары:

- борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған кез келген қаржылық, құқықтық және өзге де іс-шараларды қамтиды;
- орындау мерзімі бес жылдан аспайды (ұзағырақ міндеттемелер жағдайларын қоспағанда)/мерзімінен бұрын орындалуы мүмкін.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары келесі құралдардың бірін немесе бірнешеуін қарастырады:

- міндеттемені орындау мерзімін өзгерту (борышты төлеуді кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу);
- борышты немесе оның бір бөлігін, оның ішінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлдар, өсімпұлдар) кешіру;
- қарызды пайдаланғаны үшін сыйақының пайыздық мөлшерлемесін төмендету;
- қарыз шартын орындаудың жалпы мерзімін бір мезгілде ұлғайта отырып, тұрақты ағымдағы төлемдердің мөлшерін азайту; міндеттемені орындау тәсілін өзгерту; кепіл кредиторының қарыз шарты бойынша міндеттемелерін кепіл кредиторы кешірген жағдайда оған кепіл мәнін беру жолымен кепіл кредиторының талаптарын қанағаттандыру;
- басқа да құралдар.

Жоспарда сондай-ақ мыналар болуы мүмкін:

- мүліктің бір бөлігін сату; мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) беру;
- дебиторлық берешекті өндіріп алу; тұрғын үйді (автокөлікті) құны төмен тұрғын үйге (автокөлікке) айырбастау;
- кейіннен құны төмен тұрғын үйді (автокөлікті) сатып ала отырып, тұрғын үйді (автокөлікті) сату;
- борышкерді жұмысқа орналастыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шаралар.

ҚБ жоспардың жобасын сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 1 ай ішінде әзірлейді, оны кредиторларға жолдайды.

КТТ-ге енгізілген кредитор 10 жұмыс күні ішінде өзінің ескертулері мен ұсыныстарын енгізуге құқылы.

ҚБ 5 жұмыс күні ішінде түпкілікті жоспар жасайды, ескерілмеген ұсыныстар мен ескертулерді қоса тіркейді және сотқа жолдайды

сот жоспарды қарау нәтижелері бойынша мынадай сот актілерінің бірін шығарады:

- 1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы ұйғарым;
- 2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешім.

Сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімді сот ҚБ қорытындысын ескере отырып қабылдайды

Сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы сот шешімінде мыналар туралы нұсқаулар болады:

- 1) қаржы басқарушысының уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін сот арқылы банкроттық рәсімінің қолданылғаны туралы хабарландыруды уәкілетті органға жолдауы;
- 2) борышкердің мүлкін қаржы басқарушысының сатуы және оның кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асыруы;
- 3) борышкердің мүлкін басқару құқығының қаржы басқарушысына ауысуы;
- 4) борышкердің қаржы басқарушысына сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде борышкердің мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды беруі;
- 5) борышкердің ақшаны есептеу, ағымдағы шығыстарды өтеу және кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін банк шоттарынан қаржы басқарушысының ағымдағы шотына ақша аударуы;
- 6) қаржы басқарушысының өтініші негізінде оларды салған органдардың тиісті шешімдерін қабылдамай, борышкердің мүлкіне барлық шектеулер мен ауыртпалықтарды (оның шоттарына қойылған инкассолық өкімдерді, мүлікке тыйым салуларды және басқаларды) алып тастау;
- 7) борышкерге жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелерді (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) өзіне қабылдауға тыйым салу;
- 8) борышкердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуына тыйым салу.

Сот арқылы банкроттық рәсімінің мерзімі сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап **алты айдан аспайды**. 1 рет **6 айдан аспайтын** мерзімге ұзартылады.

мүліктік массаның құрамына борышкердің Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жерлердегі **барлық жылжымалы және жылжымайтын мүлкі** енгізіледі

Мүліктік массаның құрамына Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес **өндіріп алуға болмайтын мүлік, сондай-ақ міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету болып табылмайтын борышкердің жалғыз тұрғын үйі енгізілмейді**

Борышкердің мүліктік массасын сатуды ҚБ электрондық аукцион өткізу жолымен немесе борышкердің мүліктік массасын сату жоспарына сәйкес тікелей сату әдісімен жүзеге асырады

Сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы сот шешім қабылдаған күннен бастап **бес жұмыс күні ішінде ҚБ** борышкердің мүліктік массасын сату жоспарының жобасын дербес жасайды

Сату жоспарының жобасы кредиторларға қарау үшін жіберіледі. Кредиторлар мүліктік массаны сату жоспарының жобасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсыныстар және (немесе) ескертулер енгізеді.

ҚБ борышкердің мүліктік массасын сатудың түпкілікті жоспарын жасайды және оны сотқа шағымдануға құқылы кредиторларға мәлімет үшін жолдайды.

Банкрот міндеттемелерін тоқтатудан бас тарту үшін негіз болатын мән-жайлар

борышкер өзінің қаржылық жағдайы, мүлкі және міндеттемелері туралы, оның ішінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолдану туралы өтініш берген кезде **жалған ақпарат берді** және (немесе) ақпаратты жасырды

рәсімдер барысында борышкер мүлікті, оның бір бөлігін және (немесе) ол туралы ақпаратты жасырды не ҚБ-ның, соттың немесе МКК-нің оның қаржылық жағдайы, мүлкі мен міндеттемелері туралы мәліметтерді алуына кедергі келтірді және (немесе) қаржы басқарушысының заңды талаптарын орындамады және (немесе) оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына өзге де жолмен кедергі келтірді

төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдері барысында кредиторлардың мүдделеріне зиян келтіретіндей жағдайда борышкер **берешек мөлшерін ұлғайтты немесе өзінің қаржылық жағдайын басқаша түрде**, оның ішінде мүлікті иеліктен шығару, өзіне жаңа міндеттемелер қабылдау арқылы **нашарлатты**

борышкер банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл бойы кредиторларға зиян келтіретіндей жағдайда **активтерді азайтты**

борышкер банкроттық рәсімдері барысында, сондай-ақ банкроттық рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл бойы бір кредиторға басқалардан гөрі негізсіз артықшылық бергенін немесе кредиторларға зиян келтіріп өзге де әрекеттер жасағанын көрсетті

борышкер қасақана банкроттық жасағаны үшін кінәлі деп танылды

соттың қалауы бойынша борышкердің бастамашылық әрекеттерін (әрекетсіздігін) **кредиторлар алдындағы жауапкершіліктен құтылу тәсілі ретінде** бағалауға мүмкіндік беретін өзге де мән-жайлар

Борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану және мүлікті қайтару

1. Мәмілелер, егер оларды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген **негіздер болған кезде борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға** төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолдану туралы **іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде жасаса**, жарамсыз деп танылады;
2. ҚБ мұндай мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге **міндетті**;
3. Мәміле жарамсыз деп танылған кезде жауапкер мәміле бойынша алынғанның бәрін қайтаруға, заттай қайтару мүмкін болмаған кезде, егер мәміленің жарамсыздығының өзге салдары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде немесе өзге де заңдарында көзделмесе, қайтарылуға жататын мүліктің құнын, мүлікті пайдалану құнын, орындалған жұмыстарды немесе көрсетілген қызметтерді ақшамен өтеуге міндетті.
4. Мүлікті **қайтару мүмкін болмаған** кезде сатып алушының талап етілетін мүлікті бастапқы қайтаруы борышкердің алдында үшінші тұлғалар **жоғалтқан**, бүлдірген, тапсырған не адал сатып алған мүліктің **құны шегінде** жауапты болады.

Қаржы басқарушысы

КІМ болуы мүмкін?

1. "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметті жүзеге асыратын әкімші;
2. кәсіби бухгалтер;
3. аудитор;
4. заң кеңесшісі.

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ

1. оның борышкерге немесе оның кредиторларына қойылатын талаптарының немесе міндеттемелерінің болуы;
2. егер ол борышкердің немесе кредитордың жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы болса;
3. өтелмеген немесе алынбаған соттылықтың болуы;
4. психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұруы;
5. соттың әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тануы.

Өкілеттіктер

	<p>төменде көрсетілген қорытындылардың бірін қамтитын қорытынды жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - борышкер төлемге қабілетсіз және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану үшін негіздер бар; - борышкер төлемге қабілетсіз және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану үшін негіздер бар; - борышкер төлемге қабілетті және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану үшін негіздер жоқ.
1	
2	сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап он жұмыс күні ішінде борышкердің мүлкіне түгендеу жүргізеді;
3	Бағалаушыны тарта отырып, борышкердің мүлкіне бағалау жүргізеді .
4	интернет-ресурста орналастыру үшін МКК-ге төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс қозғау туралы қазақ және орыс тілдерінде хабарландыру жолдайды ;
5	талапты негізді (негізсіз) деп тану және танылған талапты кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізу туралы шешім қабылдайды ;
4	интернет-ресурста орналастыру үшін МКК-ге кредиторлар талаптарының тізілімін жолдайды .

Жадынама!

- Банкротқа соттан тыс банкроттық рәсімінің аяқталғаны туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап **бес жыл** бойы қарыз берілмейді (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа), сондай-ақ одан банктік қарыз және микрокредит беру шарттары бойынша кепіл, кепілдік және кепілгерлік түрінде қамтамасыз ету қабылданбайды.
- Борышкер банкрот деп танылғаннан кейін **үш жыл** бойы кредиторлар мен уәкілетті орган борышкердің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді.
- Борышкердің Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жерлердегі **барлық жылжымалы және жылжымайтын мүлкі**, оның ішінде кепіл ретінде қызмет ететін жалғыз тұрғын үйі қаржы басқарушысының сатуына жататын мүліктік массаның құрамына енгізіледі. **Борышкердің мүліктік массасын сатуды** қаржы басқарушысы электрондық аукцион өткізу жолымен немесе борышкердің мүліктік массасын сату жоспарына сәйкес тікелей сату әдісімен жүзеге асырады.